

Жидебай селолық округіндегі көшелерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Жидебай селолық округі әкімінің 2010 жылғы 17 қарашадағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 желтоқсанда N 8-10-124 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық–географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, жидебай селолық округі тұрғындарының 2008 жылғы 10 маусымындағы N 05, 06, 07, 08 жиналыс хаттамаларына және Ақтоғай ауданының әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссиясының ұйғарымына сәйкес Жидебай селолық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Сәуле ауылындағы көшелердің бұрынғы атаулары өзгертілсін:

N 1 көшесі – Жастар көшесі деп;

N 2 көшесі - Қонырат көшесі деп;

N 3 көшесі - Ақтоғай ауданының 80 жылдығы көшесі деп;

N 4 көшесі - Республика көшесі деп;

N 5 көшесі - Достық көшесі деп;

N 6 көшесі - Бейбітшілік көшесі деп;

N 7 көшесі - Тоқырауын көшесі деп;

N 8 көшесі - Тәуелсіздік көшесі деп қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ж и д е б а й с е л о л ы қ

округінің әкімі

Қ. Изақов